

«Бекітемін»
С.Оразалин атындағы
ЖОББМ директоры
 А.А.Дошаев
« 31 » тамыз 2023 жыл

**С.Оразалин атындағы ЖОББМ–нің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1-қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары;
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	1 –қыркүйек – Білім күні «Мектебім–мейірім мекенім»	ДТЮ Сынып жетекшілері	1 қыркүйек
2	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Толық адам» ілімі 8-9 сыныптарға сынып сағаты	ДТЮ Сынып жетекшілері	5 қыркүйек
3	«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	«Отбасылық дәстүрлер» «Бақытты бала- отбасы айнасы» «Отбасы- бақыт мекені»	Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қыркүйек
4	«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» - Ахмет Байтұрсынов – дәуірдің дара тұлғасы - Қазақтың тілі- қазақтың жаны «Бізді ақылды ететін кітап- дана» кітапханаға саяхат ұйымдастыру	ДТЮ, сынып жетекшілері	Қыркүйек
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Кітапқа жазылмаған тарих» -Ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл -Ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің естеліктері	Директордың ТЮ, сынып жетекшілері Кітапханашы	Қыркүйек

6	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Адал азамат- Әділетті Қазақстан» Адалдық сағаттары	ДТЖО Сынып жетекшілер	Қыркүйек
7	«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» тұжырымдамасы	«Жаттығу жан сергітеді» таңғы жаттығу «Сергіту сәті» челленджі	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қыркүйек

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - ЖүсіпКөпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі ЖүсіпбекАймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл

- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны
Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	ДТЮ Сынып жетекшілері	1 қазан
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Ұстаз, сіздің алдыңызда» сынып сағаттары	ДТЖО Сынып жетекшілері	5 қазан
3	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Армысың, алтын күз» күзгі көрме 1-4 сыныптар	ДТЮ Сынып жетекшілері	Қазан
3	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Бес нәрсеге асық бол!» 1-4 сыныптар сынып сағаты	ДТЖО Сынып жетекшілері	Қазан
4	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Үздік оқырман» отбасылық байқауы	ДТЮ, сынып жетекшілері Кітапханашы	Қазан
5	«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	«Интернетсіз бір күн» акциясы 5-9 сыныптар арасында акция	Директордың ТЮ, сынып жетекшілері Жоба жетекшісі	Қазан
6	«Балалар және театр» жобасы	«Қызыл телпек» ертегісі 1-4 сынып оқушылары қойылым	ДТЖО Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қазан

7	«Жеткіншектің жеті жарғысы»	Мектеп мұғалімдері арасында «Толық адам» ілімін насихаттау	ДТІЖО	Қазан
8	25 қазан Республика күні	«Менің Отаным- Қазақстан» мектепішілік іс-шаралар	ДТІЖО Сынып жетекшілер Жоба жетекшілері Клуб жетекшілері	Қазан
9	«Күзгі демалыс»кезеңі	«Денсаулықтың 6 шарты- таза ауа, дұрыс тамақтану,қозғалыс,тыныш ұйқы,көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Қазан
10	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	«Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары»мектепішілік дебат	Клуб жетекшісі Дебат фракциясы	Қазан

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Теңге -мемлекет келбеті»сынып сағаттары	ДТІО Сынып жетекшілері	Қараша
2	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Әкеге – ізет, анаға – ізет» Сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Қараша
3	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Ұлы Дала перзентімін!» сынып сағаты	ДТІО Сынып жетекшілері	Қараша

4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Оян,ар мен адалдық»сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Қараша
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру	ДТІЖОСынып жетекшілер Клуб жетекшісі	Қараша
6	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы»	ДТІЖОСынып жетекшілер Клуб жетекшісі	Қараша
7	«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, жаднамалық акциялар,челленджер	Клуб жетекшісі Тәлімгер	Қараша
8	«Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы	«Бабалар салған ізімен» республикалық айтыс ұйымдастыру Іс-шаралар ұйымдастыру	Клуб жетекшісі Тәлімгер Кітапханашы	Қараша
9	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	«Тоғызқұмалақ-дау» мектепішілік турнир	Клуб жетекшісі Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қараша
10	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Ұмай» аналар мен «Тұмар» қыздар клубының арасында кездесу ұйымдастыру	Клуб жетекшілері	Қараша

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				

1	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Жол ережелерін білесің бе?» Сынып сағаты Ақпараттық сағаттар	ДТДЖО Сынып жетекшілері Мектеп Парламенті	Желтоқсан
2	«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы	Шығарма жазу: «Болашаққа хат» 8-9 сыныптар арасында шығарма жазуды ұйымдастыру	ДТДЖО Сынып жетекшілері	Желтоқсан
3	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Көк тудың желбірегені» сынып сағаттары	ДТДЖО Сынып жетекшілері	Желтоқсан
4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Мен- еріктімін» сынып сағаты 5-9 сыныптар	ДТДЖО Сынып жетекшілері	Желтоқсан
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Қазақстан- біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» Тимбилдинг	ДТДЖОСынып жетекшілер Клуб жетекшісі	Желтоқсан
6	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» ашық тәрбие сағаты	ДТДЖО Сынып жетекшілер Клуб жетекшісі	Желтоқсан
7	«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	«Гаджетсіз демалыс» акциясы	Клуб жетекшісі Тәлімгер	Желтоқсан
8	«Ұрпақ болашағы- ұстаздан»	Педагогтермен кездесу, сұхбаттасу, тәлімгерлік жасау	ДТДЖО	Желтоқсан

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Мен оқыған бір ертегі» Сынып сағаттары	ДТДЖО Сынып жетекшілер	Қаңтар

			Кітапхананы	
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Парасаттылық туралы» Сынып сағаттары	ДТДЖО Сынып жетекшілері	Қаңтар
3	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	Асық атты балақай, Алшы түсті алақай! Асық ату ойындарын ұйымдастыру	ДТДЖО Сынып жетекшілері Мектеп парламенті	Қаңтар
4	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» «Бойтерек» әкелер клубы мен «Ғасыр» ұлдар клубымен дөңгелек үстел	ДТДЖО Сынып жетекшілері Клуб жетекшілері	Қаңтар
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық- зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу жұмыстары (Ақпараттық сағаттар, сауалнама, рейд)	ДТДЖОСынып жетекшілер Клуб жетекшісі Мектеп психологы	Қаңтар
6	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Профи-TIME» мамандықтар әлемінде 8-9 сыныптар Жаңа мамандықтар презентациясы	ДТДЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қаңтар
7	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» 1-4 сыныптар арасында көрме	ДТДЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қаңтар
8	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Білім беру ұйымдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті калыптастыру мақсатында жұмыстар «Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмесі	ДТДЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қаңтар
9	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Отбасылық таланттар» Отбасылар арасында байқау	ДТДЖОСынып жетекшілер	Қаңтар

		ұйымдастыру	Тәлімгер	
10	«Ұлттық мектеп лигасы»	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» 1-6 сыныптар арасында ұлттық ойындар	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қантар
11	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Қантар

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Мақал- сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» Сайыс	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Ақпан
2	«Балалар кітапханасы» жобасы	Абайдың «Толық адам» ілімі 1-9 сыныптар	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Ақпан
3	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Отбасыдағы ортақ тіл» ата-аналар мен педагогтер арасында кездесу	ДТІЖО Тәлімгер	Ақпан
4	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Үйрен жақсы әдептен» 1-5 сыныптарда сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Ақпан
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту 5-9 сыныптарға ашық ақпараттық сабақтар	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Ақпан

6	«Адал ұрпақ» клубы	«Адал ұрпақ» мүшелерімен отырыс Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар	Клуб жетекшісі	Ақпан
7	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Тарихқа тағзым» 5-9 сыныптар дөңгелек үстел	Жоба жетекшілері Тарих пәні мұғалімдері	Ақпан
8	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Сен және Заң» ақпараттық сабақтар Сынып сағаттар	ДТІЖО Құқық пәні мұғалімі	Ақпан
9	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Мектептегі мінез- құлық ережелері» Сынып сағаттары	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Ақпан
10	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Сабырлылық- асыл қасиет» сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Ақпан
11	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы	Ақпан

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Мың алғыс» Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Наурыз

2	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Үміт сәулесі» мейірімділік акциясы	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Наурыз
3	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Табысты тұлға» кездесу ұйымдастыру	ДТІЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Наурыз
4	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Жарк ете қалсам, найзағай болып» Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Тәлімгер	Наурыз
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Таным. Тағылым. Тәрбие» 5-8 сыныптар Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз
6	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Домбыра-PARTY» Ата-аналармен іс-шара	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз
7	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Бәрі де Ана, бір өзіңнен басталды» Мерекелік іс-шаралар	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз
8	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Адалдық- адамдықтың белгісі» Сынып сағаттары 1-4 сыныптар	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз
9	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Атадан- өсиет, анадан- қасиет»(тыйым сөздердің мағынасы) 1-4 сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшілер	Наурыз
10	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Ізгіліктің бір ізі- алғыс айту»сыныптан тыс іс-шара 1-9 сыныптар	ДТІЖО Тәлімгер	Наурыз
11	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Экологиялық калейдоскоп» 5-8 сыныптар Сыныптан тыс іс-шара	Жоба жетекшісі Сынып жетекшілер	Наурыз
12	«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Наурыз

		желілерде, соның ішінде ТІКТОК және DISCORD-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу		
--	--	--	--	--

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Достық- көмекпен мықты» 5-9 сыныптар Сынып сағаты	ДТДЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Сәуір
2	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» 5-9 сыныптар Сынып сағаты	ДТДЖОСынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Сәуір
3	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Ұлы Дала мұрагерлері» 9-сынып Сынып сағаты	ДТДЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
4	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Ұлттық киім- ұрпаққа мұра» 1-7 сыныптар Сынып сағаты	ДТДЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
5	«Ата –аналар мектебі» жобасы	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» 1-4 сыныптар сынып сағаты	ДТДЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
6	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» 8-9сыныптар	ДТДЖО Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Сәуір
7	Жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер	«Жүрегім-қазақ» 8-9 сыныптар Кездесу	ДТДЖО Сынып жетекшілер Тәлімгер	Сәуір

8	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Өрле, Қазақстан!» 1-4 сыныптар Сыныптан тыс іс-шара	ДТЖО Сынып жетешілер	Сәуір
9	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Тиімді әрі пайдалы бамақтану негізі» 1-8 сыныптар Сынып сағаты	ДТЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
10	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Табиғат тамашалары» 1-9 сыныптар Сыныптан тыс іс-шара	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Сәуір
11	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем- ең жақсы адам» 5-8 сыныптар	Жоба жетекшісі «Бәйтерек» әкелер клубы	Сәуір
12	«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы	«Сөз қадірі- өз қадірің» 1-9 сыныптар Сыныптан тыс іс-шара	ДТЖО Жоба жетекшісі Сынып жетекшілер	Сәуір
13	«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы	«Кітапханаға саяхат» 1-7 сыныптар	ДТЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
14	Оқушыларға дене шынықтыру-сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру	«Саяхат-таным бастауы» 5-9сыныптар	ДТЖО Сынып жетекшілер	Сәуір

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
---	-------------------------	------------	------------	--------------------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Тағдырыңның кілті- өз қолыңда» 5-9 сыныптар Сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Мамыр
4	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Оқырмандар отбасы» Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Мамыр
5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Медиа time» Сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Мамыр
6	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Ұстазға алғыс» 5-9 сыныптар Сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Мамыр
7	«Еңбегі адал, жас өрен» жобасы	«Менің Гүлзарым» 1-9 сыныптарға сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Мамыр
8	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді» 1-9 сыныптарға сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Мамыр
9	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Адамдық борыш ар үшін» 1-9 сыныптар сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер Кітапханашы	Мамыр
10	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» 1-9 сыныптар сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер Тәлімгер	Мамыр
11	«Балалар кітапханасы»	Ұлттар достастығы 1-4 сыныптар сынып сағаты	ДТІЖО Жоба жетекшісі	Мамыр
12	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	«Менің кіші Отанымның картасы» 1-4 сыныптар	ДТІЖО Жоба жетекшісі	Мамыр
13	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Отбасы FEST» фестивалі	ДТІЖО Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Мамыр
14	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	Халықаралық Отбасы күні «Денсаулық FEST» фестивалі	ДТІЖО Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі	Мамыр